

Алматы қаласының әуежайындағы жолаушылар терминалын қалпына келтіру жобасын іске асыру туралы

Казақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қазан N 1612

Казақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылатын "Алматы қаласының әкімі аппаратының күрделі құрылымы кәсіпорны" (бұдан әрі - "Заемшы") коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының мемлекеттік емес заемы қаражатының есебінен қаржыландырылатын Алматы қаласының әуежайындағы жолаушылар терминалын қалпына келтіру жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

кредиторларға "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беретін лимит шегінде тартылатын мемлекеттік емес заем бойынша міндеттемелерді Заем алушының орындауын қамтамасыз етуі ретінде жиыны 15000000 (он бес миллион) АҚШ доллары сомасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін;

заемшылармен көрсетілген мемлекеттік кепілдіктерді берумен байланысты туындаитын міндеттемелерді қамтамасыз ету туралы тиісті келісім жасассын.

3. Заемшы заңнамада белгіленген тәртіппен:

мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптарды орындауды қамтамасыз етсін ;

көрсетілген заемды өтеуге және қызмет көрсетуге арналған қаражатты 2001 жылдан бастап, жергілікті бюджетке енгізу жөніндегі жергілікті атқарушы органның міндеттесін ұсынсын .

4

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963
қаулысымен. Р 0 0 1 9 6 3 _

5. "Азаматтық авиация қызметін тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар

және "Әир Қазақстан топ" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 желтоқсандағы N 1904

қаулысындағы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 539-құжат):

5-тармақ алынып тасталсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК